

АРНАЙЫ СЕРВИСТІК КАМПАНИЯ

[24SD-065]

Кейбір модельдерде камераны ауыстыру

Әңгіме не туралы?

Осы кампанияға қатыстырылған автокөліктер алдыңғы және/немесе артқы көрініс видеокамерасымен жабдықталған. Камераның істен шығуына және көліктің алдында және/немесе артында орналасқан қоршаған ортаның бейнесін беруінің тоқтауына әкелуі мүмкін жағдайдың орын алу ықтималдығы бар.

Толық ақпаратты Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығынан алуға болады.

Не істеу қажет?

Көлік иесі автокөлігін Қазақстандағы Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығына жеткізуі қажет. Lexus-тің кәсіби мамандары тексеру жүргізіп, қажет болған жағдайда камераны **МҮЛДЕМ ТЕГІН** ауыстырады.

Осы кампанияны орындау қанша уақытты алады?

Камераларды тексеру **10 минуттан 1,8 сағатқа дейін** созылуы мүмкін. Егер ауыстыру қажет болса, онда жұмыстар автокөлік моделіне байланысты **50 минуттан 3,5 сағатқа дейін** уақыт алуы мүмкін. Дилерлік орталық мамандарының жұмысбастылығы жоғары болған жағдайда, жұмыстарды орындау үшін ұзағырақ уақыт қажет болуы мүмкін.

Қандай модельдер осы кампанияға қатысады?

Қазақстан және Қырғызстан нарығында осы арнайы сервистік кампанияға келесі Lexus модельдері қатысады:

- **ES** (шығарылған жылы: 2023 ж.),
- **LX** (шығарылған жылы: 2023 ж.),
- **NX** (шығарылған жылы: 2023 ж.),
- **RX** (шығарылған жылы: 2022 – 2023 жж.).

Осы кампанияның өткізу мерзімі қандай?

Осы арнайы сервистік кампанияның өткізу мерзімі шектелмеген.